

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430 және 1997 жылғы 10 ақпандағы N 189 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 21 ақпандағы N 0248

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. "Реформаларды тереңдету және Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430 қаулысына:

1-тармақтың соңғы абзацындағы "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулының қосымшасына:

Қазақстанның Халықтық Банкі басқармасының төрағасы - З.Х.Кәкімжанов комиссия құрамына енгізілсін.

Е.Д.Фельд аталған құрамнан шығарылсын.

2. "Реформаларды тереңдету және Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 ақпандағы N 189 қаулысына:

2-тармақтың үшінші абзацындағы "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына" және "Қазкоммерцбанк" акционерлік қоғамының" деген сөздер "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамы және Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі